

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті
Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитет мәжілісінің
№6 хаттамасы

Түркістан қаласы

16.02.2024ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы: А.Исаева, АҚ мүшесі, академиялық персонал М.Сабытханова, білім беру бағдарламасының оқытушылары: Б.Кылыч, А.Абубакирова, Б.Шарханова, Б.Кенешбаев, Б.Дандаева, А.Куралбаев, Е.Айнақожаев және АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі: Н.Д.Медеуов, Б.Б.Нұридін АҚ мүшесі, білімгерлер өкілі А.Уалдинұлы.

Қатыспағандар – жоқ.

Күн тәртібі:

1. «Атамекен» ҰКП рейтинг нәтижелерін талдау

Тындалды:

АҚ төрағасы А.Исаева сөз алып, «Атамекен» ҰКП рейтинг нәтижелері жарияланғандығын айтып, 2023 жылғы рейтинг нәтижесінде «Туризм» білім беру бағдарламасы 29 ЖОО ішінде 15 орынға, өткен жылмен салыстырғанда біршама көтерілгендігін, 5 жылдық рейтинг бойынша талдау нәтижелерін көрсетті.



2018-2019 оқу жылындағы Атамекен рейтингі нәтижесінде 34 ЖОО ішінде ХҚТУ Туризм білім беру бағдарламасы 31 орында, түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейі 60 пайыз, сонымен қатар студент жетістіктері 0,15, түлектердің мансаптық перспективасы 1,13ті құраған, 34 ЖОО ішінде төмен көрсеткіш бойынша 31 орында тұр.

2019-2020 оқу жылында Атамекен рейтингі нәтижесінде 27 ЖОО ішінде ХҚТУ Туризм білім беру бағдарламасы 13 орынды иеленді, 2018-2019 оқу жылының көрсеткішімен салыстырғанда біршама алға жылжығанын байқауға болады. Түлектердің мансаптық перспективасы бойынша бағасы 1,13тен – 1,55ке артқан, студент жетістіктері 0,15тен – 0,39ға артқан, жұмыспен қамтылу 60 пайыздан 50 пайызға төмендеген.

2020-2021 оқу жылының нәтижесі бойынша Атамекен рейтингіне қатысқан 31 ЖОО ішінде ХҚТУ Туризм білім беру бағдарламасы 10 орынды иеленді, Түлектердің мансаптық перспективасы бойынша бағасы 1,55тен – 1,97ге артқан, студент жетістіктері 0,39дан – 0,37ге, яғни 0,02 төмендеген, жұмыспен қамтылу 50 пайыздан 87 пайызға артқан.

2021-2022 оқу жылының нәтижесі бойынша Атамекен рейтингіне қатысқан 30 ЖОО ішінде ХҚТУ Туризм білім беру бағдарламасы 21 орынды иеленді, Түлектердің мансаптық перспективасы бойынша бағасы 1,97ден – 1,66ға төмендеген, студент жетістіктері 0,37ден – 0,49ға артқан, жұмыспен қамтылу 87 пайыздан 73,33 пайызға төмендеген.

2022-2023 оқу жылының нәтижесі бойынша Атамекен рейтингіне қатысқан 29 ЖОО ішінде ХҚТУ Туризм білім беру бағдарламасы 15 орынды иеленді, Түлектердің мансаптық перспективасы бойынша бағасы 1,66дан – 1,81ге артқан, студент жетістіктері 0,49дан – 0,70ға артқан, жұмыспен қамтылу 73,33 пайыздан 80 пайызға артқан.



Б.Шарханова сөз алып, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша жол картасының дайындалуы керек, сонымен қатар білім алушыларды әр түрлі семинар тренингтерге, конференцияларға, мастер кластарға, әр түрлі іс-шараларға белсенді қатыстыру керек деді.

Шешім: «Атамекен» ҰКП рейтинг нәтижесін талдау есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.

АК төрағасы

А.Исаева